

**Целиноград ауданының шекараларында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 ақпандағы № 275/40-5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 1 сәуірде № 4719 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 қаңтардағы № 178/25-6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 30.01.2018 № 178/25-6 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен. РҚАО - ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 444-бабы 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Целиноград аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Целиноград ауданының шекараларында Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Целиноград аудандық  
мәслихаты сессиясының  
төрағасы*

*Д.Қамзебаев*

*Целиноград аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Р.Түлкібаев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Целиноград ауданының әкімі*

*М.Тәткеев*

**25.02.2015**

*"Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің Мемлекеттік  
кірістер комитеті Ақмола облысы  
бойынша Мемлекеттік кірістер*

департаментінің Целиноград ауданы  
бойынша мемлекеттік кірістер  
басқармасы" республикалық  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
25.02.2015

А.Жантеміров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК